**«STUDENT ENERGY CHALLENGE»**
**ЗИЯТКЕРЛІК КОМАНДАЛЫҚ конкурсының**
**Ережесі**

## 1. Жалпы ереже

Осы Ереже «Student Energy Challenge» зияткерлік командалық конкурсын өткізу ережесі (бұдан әрі –Еереже) мен тәртібін анықтайды.

## 2. Ережеде қолданылатын негізгі терминдер/ұғымлар

**«Student Energy Challenge» зияткерлік командалық конкурсы** (бұдан әрі – конкурс) – бұл студенттер мәлімдеген ең перспективалы жобаларды анықтауға бағытталған іс-шара.

**Конкурс ұйымдастырушысы** – «KAZENERGY» қауымдастығы мен «Шелл Казахстан» компаниясы.

**Конкурсқа қатысушылар** – 18-29 жас аралығындағы отандық жоғары оқу орындарының (бұдан әрі – ЖОО) студенттерінен тұратын командалар. Команда үш - бес адамнан (сондай - ақ ЖОО оқытушылары арасынан ғылыми жетекшіден) тұруы тиіс.

Командаларға гендерлік тепе-теңдікке ұмтылу және командаларды қалыптастыру кезінде екі жыныстың өкілдерінен құралу ұсынылады.

**Ғылыми жетекші** – команданы ұсынатын ЖОО-ның оқытушы құрамы қатарынан болады, ол команданы өз қамқорлығына алады. Ғылыми жетекші жобаның жалпы басшылығын, тапсырмаларды орындау мониторингін қамтамасыз етеді және өз білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, конкурс шеңберінде команданың жұмысын қадағалайды, командаға оның зерттеулері мен тәжірибелерінде көмектеседі.

**Ментор** - бұл тәуелсіз кеңесші – консультант, оның қатысуы құпталады, *бірақ міндетті емес,* оның міндеттеріне команда жобасының перспективасын талдау және бағалау, мақсаттар қоюға және оларға қол жеткізу жолдарын әзірлеуге көмек көрсету, ұқсас жобаларды, стартаптарды іске асыруда өз мысалын көрсету, психологиялық қолдау, командаға одан әрі қызмет ету үшін бағалау және ұсынымдар (мысалы, коммерцияландыру мүмкіндігі) жатады.**

**Команда капитаны** – командадағы көшбасшының қосымша міндеттері бар жетекші адам, ол команданың конкурста шешуші нәтижеге қол жеткізуі мақсатында жалпы басшылықты, ұйымдастыруды және нұсқаулықты жүзеге асырады.

**Тіркелу -** ұйымдастырушылар белгіленген мерзімде http://kazenergy.com сілтемесі бойынша сайтта команданың өтінімін беру.

**Іріктеу комиссиясы -** құрамына конкурстың ІІІ кезеңінде он екі команданы іріктеу мақсатында тәуелсіз сарапшылар тартылуы мүмкін ұйымдастырушылар қатарынан құрылатын комиссия.

**Жобалардың сараптамасы**-коммерцияландыруға әлеуетті, ықтимал техникалық және өндірістік тәуекелдерді, коммерциялық тартымдылықты, сондай-ақ жобаның бірегейлілігін бағалаумен байланысты қызмет (плагиат). Жобалардың сараптамасын сараптамалық қызметтер көрсетуге жасалған шартқа сәйкес қызметтер көрсететін тәуелсіз сарапшылар жүргізеді.

*Ғылыми жетекшінің жолына және тұруына шығындар *VI кезеңде жобаны қорғау кезінде ғана өтеледі.*

**ұйымдастырушылар менторлардың шығынын өтемейді.

**Сарапшы** – жобаларды сараптау кезінде сараптамалық қорытынды ұсынатын, жоғары білімі, кемінде он жыл жалпы жұмыс, не кемінде бес жыл ғылыми жұмыс тәжірибесі бар жеке тұлға, сарапшы ретінде әрекет етуді болжайтын қызмет бағытында ғылым кандидаты, ғылым докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесінің болуы ұсынылады.

**Конкурстың қазылар алқасы** – «Шелл Қазақстан» компаниясының, "KAZENERGY" қауымдастығының өкілдерін қоса алғанда, мұнай-газ/энергетика салаларының, ғылыми және ғылыми-зерттеу мекемелерінің өкілдері қатарынан және/немесе конкурс қорытындысы бойынша жүлделер беру мәселесін шешетін мемлекеттік органдар, ғылыми институттар өкілдерінің қатысуымен болатын сарапшылар тобы.

**Конкурс жеңімпаздары** қазылар алқасының шешімі негізінде анықталады.

**Жобаның нәтижелері** –жобаны орындау барысында алынған, оның ішінде қағаз және электрондық тасығыштарда тіркелген инновациялық және трансферттік білім, технологиялар, шешімдер және т.б. қазіргі заманғы экономика жағдайына бейімделген.

**Конкурстың қазылар алқасының шешімі** – конкурстың қорытынды кезеңінде қатысушы қазылар алқасының толтырылған бағалау парақтарының негізінде шешім қабылдау және жүлдені беру туралы мәліметтерді қамтитын хаттама.

**Жүлде** – конкурстың қазылар алқасының шешімі бойынша үш командаға өтеусіз негізде берілетін ақшалай қаражат.

## 3. Мақсаты

Қазақстанның студент жастары арасында энергетикалық міндеттерді әлеуетті инновациялық шешудің дамуын қолдау.

## 4. Міндеті

- Қазақстан студенттерінің кәсіби және тұлғалық әлеуетін дамытуға ықпал ету;
- энергетиканың маңыздылығын және онымен байланысты проблемаларды кеңінен түсінуді көтермелеу;
- инженерлік ойлау мен шығармашылықты дамытуды қолдау;
- байланысты нығайтуға, тәжірибе алмасуға және қатысушылар арасында өзекті білім алуға ықпал ету;
- қазақстандық студенттерге индустрияның озық тәжірибесі мен техникалық дағдыларын жеткізу;
- болашақта үлкен гранттық жобаларға қатысу саласындағы құзыреттіліктерді жинақтауға және капиталдандыруға үйрету, сондай-ақ оларды одан әрі ғылыми және кәсіпкерлік қызметке және т. б. уәждеу.

## 5. Конкурсқа қатысу үшін шешімді/жобаны ұсынуға қойылатын талаптар және өткізу тәртібі

**Конкурстық жұмыстардың тақырыптары мен бағыттары*.**

**1. Мұнай-газ саласындағы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі:**

a) Мұнай мен газды барлау және өндіру кезінде;
b) Мұнай мен газды тасымалдау кезінде;
c) Мұнай мен газды өңдеу кезінде.

**2. Қоршаған ортаға шығарындыларды азайту:**

a) Ауа сапасының мониторингі;
b) Өлшенген бөлшектерді ұстау;
c) Мегаполистегі экологияны жақсарту.

**3. Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу:**
a) Қатты тұрмыстық қалдықтар;
b) Өндіріс қалдықтары;
c) Қайталама шикізат пен қалдықтарды пайдалану.

**4. Цифрландыру:**
a) «Smart field», «Digital field» ақылды кен орны»;
b) Мұнай-газ саласындағы бизнес-үдерістер өндірісін автоматтандыру;
c) Мұнай мен газды өндіру мен тасымалдауды есепке алу жүйесі.
** Ұсынылатын тақырыптар (a, b, C) ұсынымдық сипатта болады және негізгі бағыттар шеңберінде өзгертілуі мүмкін.*

## 5. Шешімді/жобаны ұсынуға қойылатын талаптар

1. Әр ЖОО-дан бірнеше команда қатыса алады. Командаларға қойылатын талаптар № 1 қосымшада сипатталған. Конкурсқа № 2 қосымшада келтірілген жоба паспорты нысанында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде команда атауын, оны қалыптастыру принципін сипаттаумен команданың әрбір қатысушысын ұсына отырып шешім/жоба ұсынылады. Бар болған жағдайда жобаның енгізілген кезеңдері туралы материалдар, сызбалар, схемалар, фотосуреттер, графиктер, ұсыным хаттар және басқа да мәліметтер қоса беріледі.

2. Конкурстың IV кезеңіне өткен он екі командаға Ұйымдастырушылар әдістемелік ұсынымдарға (№ 6 қосымшада келтірілген) сәйкес жобаларды визуализациялау бойынша бейнеролик - презентациялер әзірлеу үшін визуализация креативі саласында әлеуетті жеткізушілерді іздестіруді бастау ұсынады.

Бұл ретте, ұйымдастырушылар жартылай финалға (V кезең) өткен сегіз командаға ғана өздері таңдаған жеткізушілермен бейнеролик – презентациялар әзірлеу кезінде барлық техникалық жақтарын пысықтауға тиіс екеніне назар аударады, оларға төлемді ұйымдастырушылар белгіленген мерзімде ақшалай қаражаттың лимиттелген сомасы шегінде жүзеге асырады.

Бұл бейнеролик-презентацияларды VI кезеңде (қорғау кезінде) сегіз команда көрсетеді.

## 6. Конкурс өткізу кезеңдері

**I кезең:**

"KAZENERGY" қауымдастығы атты Ұйымдастырушы әлеуметтік желілерде (бейнеролик-нұсқаулық), KAZENERGY журналы мен бюллетенінде конкурс жариялауын, сондай-ақ **2019 жылғы 18 ақпанға** дейін отандық ЖОО-ларға шақыру хаттарын жіберуді қамтамасыз ету.

**II кезең:**

1.Өтінім берген студенттер **2019 жылғы наурызда** үш-бес адамнан тұратын команда құрып, сондай-ақ ғылыми басшысы мен менторды (болған жағдайда) көрсете отырып, оған креативті атау беруі қажет.

1. Команданы **2019 жылғы 31 наурызға дейін** өтінім беру жолымен (№3 қосымшадағы нысанға сәйкес) "KAZENERGY" қауымдастығының сайтында (сілтеме: http://kazenergy.com**)** тіркеу. Тіркеу кезінде таңдалған тақырып бейнетүйіндеме берілгенге дейін өзгертілуі және нақтылануы мүмкін.

**III кезең:**

1. "KAZENERGY" қауымдастығының ұйымдастырушысы команда тіркелген күннен бастап үш күн ішінде 2019 жылғы 3 сәуірге дейін командаларды тіркеу туралы растауды таратуды қамтамасыз етуы қажет.

1. "KAZENERGY" қауымдастығы атты ұйымдастырушысы 2019 жылғы 10 сәуірге іріктеу комиссиясын құру.

1. Командалар тіркелу туралы растауды алғаннан кейін "KAZENERGY" қауымдастығы атты ұйымдастырушыға 2019 жылғы 2 мамырды қоса алғанға дейін барлық командамен жазылған бейнетүйіндеме (№1 қосымшада келтірілген талаптарды ескере отырып) ұсыну қажет.

"KAZENERGY" қауымдастығы атты ұйымдастырушы **2019 жылғы 6 мамырға дейін** іріктеу комиссиясының мүшелеріне қарау үшін бейнетүйіндеме, бағалау парағы және бейнетүйіндемеге талаптары (олардың электрондық мекенжайларына) жіберілсін.

1. Іріктеу комиссиясының мүшелері **2019 жылғы 22 мамырға дейінгі мерзімде** командалардың бейнетүйіндемесін қарайды, әрбір командаға бағалау парағын толтырады және "KAZENERGY" қауымдастығы атты Ұйымдастырушыға жібереді (№4 қосымшадағы нысанға сәйкес).

1. "KAZENERGY" қауымдастығы атты ұйымдастырушы:

• **2019 жылғы 27 мамырда** іріктеу комиссиясының мүшелеріне командалардың сараланған тізімі бар сырттай дауыс беру бюллетенін жіберуі;

• **2019 жылғы 30 мамырда** сырттай дауыс беру бюллетеньдерін жинауды жүзеге асыруы;

• **2019 жылғы 31 мамырда** дауыс беру қорытындылары негізінде IV кезеңнен өткен он екі команданы іріктеуді өткізіп, хаттамамен рәсімдеп және осы командалардың атауларын "KAZENERGY"қауымдастығының ресми сайтына орналастыруы қажет.

**<u>IV кезең:</u>**

1. Он екі команда:

•**2019 жылғы 1 маусымнан бастап 2019 жылғы 22 шілде аралығында** жоба паспортын дайындау жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

• **2019 жылғы 1-2 шілдеде** Астана қаласындағы "Shell NXplorers" сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша тренингке қатыссын;

• **2019 жылғы 22 шілдеге дейін** "KAZENERGY" қауымдастығы атты ұйымдастырушыға жобаның паспортын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (№2 қосымшадағы нысанға сәйкес, № 1 қосымшада келтірілген талаптарды ескере отырып) қарауға/зерделеуге ұсынсын.

**<u>V кезең:</u>**

1. "KAZENERGY" қауымдастығы атынан ұйымдастырушы **2019 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімде** он екі команда жобаларының паспортын сараптамаға жіберсін және он бес күнтізбелік күн ішінде оның өткізілуін қамтамасыз етсін.

2. Сарапшылар командалардың жобаларын қарау қорытындылары бойынша әрбір жобаға баға береді, оны еркін нысанда ресімделетін сараптамалық қорытындыда көрсетеді және бағалау парағын (№5 қосымшаға сәйкес) толтырады, оны **2019 жылғы 8 тамызға дейінгі мерзімде** ұсынады.

3. "KAZENERGY "қауымдастығы атты ұйымдастырушы жобалар паспорттарының сараптамасын бағалау қорытындысы бойынша іріктелген тізім жасап, конкурстың жартылай финалына өткен сегіз команданы іріктейді, олар жобаларды қорғауға қатысады.

4. "KAZENERGY" қауымдастығы атынан ұйымдастырушы **2019 жылғы 14 тамызға дейін** мерзімде:

•жартылай финалға өткен сегіз командаға жобаны қорғауға шақыру-хат жіберуі;

• жартылай финалға өтпеген төрт командаға хат, олардың жобаларын сараптау нәтижелерін жіберуі;

• аванстық төлемдерді уақтылы жүзеге асыру мақсатында жобалар бойынша бейнеролик-презентациялер жасау үшін қызмет көрсетушілердің таңдалған командаларымен шарт жасасуды қамтамасыз етуі қажет.

5. Жартылай финалға өткен сегіз команда **2019 жылғы 15 тамыздан бастап** жобаның негізгі кезеңдеріне қазылар алқасының назарын аудару және визуализациялау мақсатында бейнеролик-презентацияны жасауға кіріседі (№6 қосымшаға сәйкес). Ұйымдастырушаларға бейнеролик-презентацияны аяқтау және ұсыну мерізімі -**2019 жылғы 15 тамыз**. Сондай-ақ, командалар қазылар алқасы мүшелерінің алдында қорғау үшін ауызша презентация мен питч дайындайды.

**<u>VI кезең:</u>**

1. "KAZENERGY" қауымдастығы атынан ұйымдастырушы мынадай мерзімге дейін:

- **2019 жылғы 12 қыркүйекте** сегіз жоба бойынша паспорттар мен сараптамалық қорытындыларды қазылар алқасы мүшелеріне таныстыру үшін жіберу;

- **2019 жылғы 16 қыркүйекте** «Тиімді презентация жасау» вебинарын өткізуді және оған сегіз команда қатысуын қамтамасыз ету;

- **2019 жылғы 26 қыркүйекте** Сегіз команда қазылар алқасы алдында жобаны қорғауға қатысу (регламент – 15 мин.)

- **2019 жылғы 27 қыркүйекте** Финалист командалардың капитандары (үш шартты жеңіске жеткен команда) қазылар алқасына elevator-pitch стиліндегі өз жобаларын қорғау (регламент-3 мин.)

## 8. Жобаларды бағалау тәртібі

Үш үздік команданы іріктеу мақсатында "KAZENERGY" қауымдастығы мен "Шелл Қазақстан" компаниясының өкілдерін қоса алғанда, қазылар алқасының құрамы құрылады (сондай-ақ Қауымдастық мүшелерінің мемлекеттік органдары мен компаниялары өкілдерінің қатысуы мүмкін). Қазылар алқасы әр командаға бағалау парақтарын (№7 қосымшадағы 1 және 2-кестелерге сәйкес)* толтырып, конкурстың тиісті кезеңдері шеңберінде қарайды және қатысушылардың сөз сөйлеуіне қойылатын талаптарға (№ 2 қосымшада келтірілген) сәйкес жеңімпаздарды анықтайды.

•*Вебинарда команданың барлық мүшелерінің қатысуы үшін 0,5 балл беріледі.*

*Сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша "Shell NXplorers" тренингіне қатысқаны үшін 1 балл беріледі.*

*Өңірлердің командаларына (Астана және Алматы қалаларын қоспағанда) қосымша 1 балдан артық берілмейді.*

## 9. Жеңімпаздарды марапттау

Жеңімпаз командалар 2019 жылы 27 қыркүйекте Астана қаласында XI KAZENERGY жастар форумы аясында жарияланады және қазылар алқасының мүшелері марапаттайды.

Жүлде қоры (салықтарды есепке алғанда теңгемен баламасы):

• 1 орын-10 000 АҚШ доллары;
• 2 орын – 5 000 АҚШ доллары;
• 3 орын – 3 000 АҚШ доллары

## 10. Тренинг пен конкурсқа қатысушылардың шығындарын төлеу тәртібі

1. Астана қаласындағы "Shell NXplorers" сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту бойынша тренингке 12 команда қатысу мақсатында IV кезеңде ұйымдастырушылар ақысыз негізде:

• екі жаққа Астана қаласына дейін және кері қарай жол жүруді (авиа - немесе темір жол көлігімен ұйымдастырушылардың қалауы бойынша);

• қатысушылардың тұруын;

• қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз етеді.

2. V кезеңде сегіз команданың бейнеролик - презентациясын дайындау мақсатында (№6 қосымшаға сәйкес) "KAZENERGY" қауымдастығы атынан ұйымдастырушы шарт негізінде визуалды креатив саласындағы көрсетілетін қызметтердің өнім берушілеріне лимиттелген ақша қаражатын жібереді. Командалардың құзыретінде бейнеролик-презентациялар құру жөніндегі компанияны таңдау құқығы қалады.

3. V кезеңде Астана қаласында қазылар алқасы мүшелерінің алдында жобаны қорғауға сегіз команданың қатысуы мақсатында ұйымдастырушылар өтеусіз негізде:

• екі жаққа Астана қаласына дейін және кері қарай жол жүруді (авиа - немесе темір жол көлігімен ұйымдастырушылардың қалауы бойынша);

• қатысушылардың тұруын;

• қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз етеді.

*Конкурс қосымшасына*
*№1 қосымша*

**Командаларға қойылатын талаптар**

Командаларға қойылатын талаптар

1. Конкурсқа қатысуға тек 18-29 жас аралығындағы отандық жоғары оқу орындарының студенттері (бакалавриат және магистратура бағдарламасы бойынша білім алушылар) ұсынған командалар ғана жіберіледі.

• Алдыңғы "Student Energy Challenge" байқауларында жүлделі орындарға ие болған командалар қатысуға жіберілмейді.

• Команда үш - бес адамнан (сондай-ақ, ЖОО оқытушылары қатарынан ғылыми жетекшісінен, ментор –болған жағдайда) және бір жоғары оқу орнын (әр түрлі мамандықтар мен курстарға рұқсат етіледі) ұсынуы тиіс.

• Командаларға гендерлік тепе-теңдікке ұмтылу және командаларды қалыптастыру кезінде екі жыныстың өкілдерінен құралу ұсынылады.

• Команда капитаны конкурстық ережелер шегінде өз командасының барлық мүшелеріне (ұйымдастырушылар алдындағы өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік) жауап береді және барлық команданың конкурстың барлық кезеңдеріне қатысуына кепілдік береді (оның ішінде команданың барлық мүшелерінің «тиімді презентация жасау» вебинарына қатысуы, сондай-ақ командадан "Shell NXplorers" тренингіне кемінде 2 адам қатысуы).

• Конкурс кезінде команда капитанына жеткізілген кез келген ақпараттық хабарламалар барлық командаға жеткізілді деп есептеледі.

• Командалар өз жобаларын ақпараттық жариялау аясында тең дәрежеде жобаны ұйымдастырушылар туралы хабардар етуге міндеттенеді ("Шелл Қазақстан" компаниясы және "KAZENERGY"қауымдастығы).

• Командалар бейне және презентациялық материалдарда олардың логотиптерін пайдаланған жағдайда, екі ұйымдастырушылардың брендтерін пайдалану талаптарын сақтауы тиіс.

**Бейнетүйіндеме ұсыну талабы**

Бейнетүйіндеме команда және жоба туралы қысқа презентация бейнеролигі болып табылады (ұзақтығы 2-4 мин.). Кез келген қол жетімді құрылғымен көлденең кеңістікте еркін түрде жазылады. Бейнетүйіндеме конкурстық іріктеудің бастапқы және маңызды кезеңі болып табылады. Креативті бейнетүйіндеме құпталады. Монтаждауға рұқсат етіледі.

- Командалар бейнетүйіндемедегі сұрақтарға жауап беруі қажет:
- 1) Сіздің жобаңыздың мақсаттары. Сіз оларға қалай қол жеткізесіз?
- 2) Неге сіз ұсынылған тақырыптардан осы бағытты таңдадыңыз? Өз таңдауыңызды негіздеңіз. Таңдалған бағыттағы жетістіктеріңіз туралы айтып кетңіз:

1) жоба идеясының бірегейлігі неде? Жобаның мақсатына жету үшін қандай жаңалықтарды қолдана аласыз?

2) жобаны одан әрі іске асыру жағдайында оның экономикалық және экологиялық әсері қандай?

3) Сіз өз жобаңызды инвестициялар үшін тартымды деп санайсыз ба?

4) Неге сіздің команда басқалардан жақсы деп ойлайсыз?

5) Қатысушылардың әрқайсысы туралы, қызығушылықтары мен жетістіктері туралы қысқаша айтып беріңіз.

6) Конкурсқа неге қатысқыңыз келеді?

7) Конкурсқа қатысудан сіз нені күтесіз?

**Қағаз тасығышта ұсынылатын жобаларды ресімдеуге қойылатын талаптар**

1. Тіл-орыс, қазақ және ағылшын.
2. Жалпы көлемі –10-нан 20 параққа дейін.
3. Жоба электрондық түрде Microsoft Word редакторының форматында, Times New Roman шрифті, өлшемі – 14, азат жол – 1,25 см, жоларалық интервал – 1, ені бойынша туралау ұсынылады. Құжаттың өрісі: сол жақ-2,5 см, оң жақ-1,5 см, жоғарғы және төменгі-2,5 см. Тасымалсыз мәтін. Беттердің нөмірленуі – беттің жоғарғы жағында, ортасында.
4. Тақырыпты рәсімдеу – барлық жолдар қалың қаріппен. Бірінші жолда (оң жақ шеті бойынша теңестіру) команданың атауы көрсетіледі. Екінші жолда: ЖОО атауы. Үшінші жолда: жоба бағытының тақырыбы.

• *Конкурсты іске асыру барысында ұйымдастырушылар елеусіз өзгерістер енгізе алады, бұл туралы қатысушылар алдын ала ескертіледі.*

№ 2 қосымша
Конкурс ережесіне

ЖОБАНЫҢ ПАСПОРТЫ

1. Жобаның атауы ____________
2. Жобаның өзектілігі ____________
Экологиялық себеп _____________
Экономикалық себеп

(экономикалық тиімділік, коммерцияландыру мүмкіндігі) ___________________

**Сіздің жоба:**

• Сіздің жобаңыз қандай санатқа жатады?

• Жобаның атауы (макс 50 сөз).

•Жобаның жалпы көлемі-10 беттен кем емес 20 беттен кем емес.

• Жобаның қысқаша сипаттамасы (макс 1200 сөз).

• Жобаның егжей-тегжейін беріңіз (макс 1200 сөз).

•Сіздің ұсынысыңыз қандай мәселені шеше алады? Бұл қалай жұмыс істейді?

• Күтілетін нәтиже қандай/ Сіздің жобаңыздың пайдасы неде (макс. 1000 сөз)

• Қандай түпкі нәтиже (өнім, процесс, қызмет, технология және т. б.)

• Сіздің өніміңіз/процесс/қызмет/ технология нарықтағы бар бос орындарды қалай толтыра алады?

• Сіздің өніміңіз қандай да бір конкурстарға қатысуға ұсынылды ма? Егер солай болса, онда қандай? Нәтиже қандай болды?

• Сіздің өніміңіз бойынша қандай да бір нарықты зерттеу жүргізілді ме? Егер иә болса, онда сипаттаңыз (макс 600 сөз).

• Үшінші тарап сіздің өніміңізді қарастыра ма? Егер иә болса, онда кім?

• Егер бар болса, қажетті қолдау құжаттамасын ұсынуыңызды өтінеміз (макс.5, А 4 форматты бет).

• Сіздің өніміңіздің нарығын/тұтыну тобын анықтаңыз.

•Экономикалық негіздеме, коммерцияландыру мүмкіндігі

**Сіздің команда**

• ЖОО атауы.

• Команда атауы

• Команда капитанының байланыс деректерін – email, телефон/факс, Пошта мекен-жайы қосуыңызды өтінеміз.

• Байланыс мәліметтерін, ғылыми жетекшінің және ментордың (ол болған жағдайда) – email, телефон/факс, пошталық мекенжайын қосуыңызды өтінеміз.

Сіздің командамыздың барлық мүшелерін әр адамның қысқаша өмірбаянымен, оның ішінде білім алатын мамандықты, ғылыми жетекшінің/ментордың біліктілігін (бар болса), командадағы академиялық деректерді және рөлін (әрқайсысының өмірбаянына ең көп 500 сөз) қоса көрсетіңіз.

Конкурс үшін әзірленген кез келген өнімдер, процестер, қызметтер, технологиялар немесе кез келген басқа зияткерлік меншік авторлардың меншігінде қалатынына назар аударыңыз.

Команда капитаны ___________________ (қолы)

Ғылыми жетекшісі ___________________ (Қолы)

Команда менторы (бар болған жағдайда) ___________________ (қолы)

*Конкурс ережесіне*
*№ 3 қосымша*

| «Student Energy Challenge» конкурсына қатысушы команданы тіркеу нысаны | | | |
|---|---|---|---|
| Команда атауы | | | |
| Команда қатысушыларының Т.А.Ә. | | Факультет (мамандық, курс) | |
| Команда капитаны | | | |
| Ғылыми жетекшісі | | | |
| Команданың менторы *(бар болған жағдайда)* | | | |
| Жоба тақырыбы *(бейнетүйіндемені ұсынғанға дейін өзгертілуі және нақтылануы мүмкін)* | Тізімнен таңдау *(ұсынылған тақырыптарды жылжыту)* | | |
| Оқу орны | Тізімнен таңдау *(ЖОО жылжыту)* | | |
| Байланыс деректері *(ұйымдастырушылар қатысушыларды одан әрі ақпараттандыру үшін пайдаланатын болады)* | - телефон<br>- электрондық мекенжай | | |

Келісім

| |
|---|
| *Біз жоғарыда көрсетілген команда, осыменен «Student Energy Challenge» конкурсына қатысуымызды растаймыз. Конкурстың ережесіне сәйкес қатысу шарттарымен таныстық және ұсынылған деректердің дұрыстығы үшін жауап береміз. Тіркеу кезінде көрсетілген деректерді өңдеуге келісімімізді, фото-бейнетүсірілімге рұқсатымызды береміз және ұйымдастырушылардың конкурсты жылжыту мақсатында материалдарды пайдаланғанына қарсылық білдірмейміз.* |

Растама * (сіз жоғарыда баяндалған шарттарды қабылдау керексіз)

| | |
|---|---|
| Біз шарттарды қабылдаймыз | √ |

*- міндетті түрде толтыру

***Толтырылған тіркеу нысанын** d.sapargali@kazenergy.com **электрондық мекенжайына жіберу қажет.***

*Конкурс ережесіне*
*№ 4 қосымша*

# «STUDENT ENERGY CHALLENGE» КОНКУРСЫ КОМАНДАЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕТҮЙІНДЕМЕСІН БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

**Қазылар алқасының Т.А.Ә. ______________________**
**Күні ______________________________**
**Қолы ___________________________**

| р/с № | Оқу орын атауы | Комадалар атауы | Команданы таныстыру | | Команда жобасының мақсаты мен нәтижесі | | Таңдалған бағыттағы жетістіктерді айта отырып, конкурс тақырыбын таңдау негіздемесі | | Жобаның бірегейлігі неде? Жоба мақсатына қол жеткізу үшін қандай жаңалықтарды қолдана аласыз | | Жобаның әрі қарай іске асырылуы жағдайында оның экономикалық және экологиялық тиімділігі туралы айту | | Команданың бәсекеге қабілеттілігінің негіздемесі | | Инвестициялар үшін жобаның тартымдылығы туралы айту | | Конкурсқа қатысудан не күтіледі (нәтижелер) | | Конкурсқа қатысу себептері | | ҚОРЫТЫНДЫ | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | макс. – 5 балл | | макс. – 5 балл | | макс.– 10 балл | | макс.– 15 балл | | макс. – 15 балл | | макс. – 15 балл | | макс. – 15 балл | | макс. – 10 балл | | макс.– 10 балл | | | |
| | | | Рейтинг | Балл саны | Рейтинг | Балл саны | Рейтинг | Балл саны | Рейтинг | Балл саны | Рейтинг | Балл саны | Рейтинг | Бал саны | Рейтинг | Балл саны | Рейтинг | Бал саны | Рейтинг | Балл саны | Рейтинг | Балдардың жиынтық саны |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| 1 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 7 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 8 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 9 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 10 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 11 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 12 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 14 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 15 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 16 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 17 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 18 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 19 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 20 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 21 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 22 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 23 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 24 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 25 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 26 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 27 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | **91-100%** | **70-90%** | **45-69%** | **до 44%** |
|---|---|---|---|---|
| Макс. балл - 10 | 9-10 | 7-9,1 | 4,5-6,9 | 0-4,4 |
| Макс. балл - 15 | 13,5-15 | 10,7-13,7 | 6,7-10,3 | 0-6,6 |
| Макс. балл - 25 | 22,5-25 | 17,5-22,7 | 11,3-17,3 | 0-11 |

*Ескертпе:*

1) 91-100% – Өте жақсы
2) 70-90% – Жақсы
3) 45-69% – Қанағаттанарлық
4) до 44% – Қанағаттанарлық емес

*Конкурс ережесіне*
*№ 5 қосымша*

**Жобаларды сараптаудың бағалау парағы**

**Сарапшының Т.А.Ә. ____________________**
**Күні ___________________________________**
**Қолы ____________________________**

Баға мынадай тәртіпте қойылады:

41 – 50 балл (өте жақсы)
31 – 40 балл (жақсы)
21 – 30 балл (қанағаттанарлық)
10 – 20 балл (қанағаттанарлық емес)

| **Жобалар паспорттарының сараптамасын бағалау критерийлері** | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **р/с №** | **Команда атауы (ЖОО)** | **Жоба тақырыбы** | **Экологиялық мәні** | **Экономикалық мәні** | **Ұлттық және/немесе жаһандық энергетикалық проблемамен байланысты мәселені шешудегі жобаның мәні** | **Жұмыс схемасы/жобаны іске асыру кезеңі** | **Соңғы нәтиже/тиімділігі** | **ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА (макс. – 50 балл)** |
| | | | **максималды – 10 балл** | **максималды – 10 балл** | **максималды – 10 балл** | **максималды – 10 балл** | **максималды – 10 балл** | |
| | **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** |
| 1 | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | | |
| 6 | | | | | | | | |
| 7 | | | | | | | | |
| 8 | | | | | | | | |

*Конкурс ережесіне*
*№6 қосымша*

**Командалардың таныстыратын жобаларын дайындау және олардың мақсаттарын көзбен шолу бойынша жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік ұсынымдар**

**Мақсаты:** жобалау жұмыстарын көзбен шолу үшін іріктелген 8 командаға V кезеңде **(2019 жылғы 15 тамыздан бастап 15 қыркүйекке дейін)** толық жобалау ұсыныстарын, презентация түрінде немесе басқа да нысандарда сөз сөйлеу тезистерін ұсыну қажет.

**Әзірлеуге арналған қаражат сомасы**: 220 000 (екі жүз жиырма мың) теңге (ҚҚС қоса алғанда) Тапсырыс беруші (KAZENERGY қауымдастығы) және Орындаушы (командалардың таңдауы бойынша ақындалған визуалды креатив саласындағы көрсетілетін қызмет өнім берушісі) арасында жасалған Шарт негізінде сегіз команданың әр қайсысына беріледі.

**Күтілетін нәтиже:** 2D графикасы элементтерін, анимацияларды (контенттік, консультациялық, ақпараттық) қолдана отырып, 200-300 секундқа дейін жасалған презентация бейнеролигі. Егер ролик мәлімделген таоаптарға сәйкес келсе, тапсырма орындалды деп саналады.

**Презентациялық роликке қойылатын талаптар:**

1. Өнімді, мақсатты, процесті, технологияны және т.б. сипаттау – 30 секундқа дейін. (атауы, не үшін және т.б.);
2. Ролик 2D пішімінде жасалуы тиіс және құрал моделі жұмысының ұстанымдары сияқты конструкциялық ерекшеліктері де (объектілерді, тетіктерді, құрылымды модельдеу, қоршаған орта, жылжитын/жылжыматын тетіктер, құрамдас комоненттер, жұмыс процесі және т.б.) көрсетілуі тиіс, олардың арқасында алға қойылған мақсатқа қол жеткізіледі және т.б. (100-120 сек.);
3. Құралдың/қондырғының негізгі артықшылықтарын түсіндіру (50 сек);
4. Құралдың жұмыс істеуі мысалмен көрсету (50 сек);
5. Ұымдастырушыларға роликті электрондық тасымалдағышта ұсыну.
6. Көзбен шолу жобаны қорғаудың өзін алмастырмаййды, командаларға қорғау кезінде өз ұстанымдарын күшейтуге көмек беретін қосымша тиімді құрал болып табылады.

*Конкурс ережесіне*
*№7 қосымша*

**«Student Energy Challenge» зияткерлік командалық конкурсының бағалау парағы**

**Қазылар алқасының ТАӘ ___________________**
**Күні ______________________________**
**Қолы ___________________________**

Бағалардың 10 балдық шкаласы
9-10 (өте жақсы)
6-8 (жақсы)
4-5 (қанағаттанарлық)
1-3 (қанағаттанарлықсыз)
** Ескертпе: № 5 қосымшасы 1 және 2 кестелерінен тұрады*

***1-кесте***

| Жобаларды қорғауды бағалау критерийлері | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| р/с № | Команда атауы (ЖОО) | Жоба тақырыбы | Жоба сараптамасы | Жоба мақсатының, міндеттерінің және практикалық маңыздылығының негіздемесіндегі нақтылық | Жобаны техникалық, экономикалық тұрғыдан іске асырудың және ғылымның, техниканың және өндіріс технологиясының қазіргі заманғы жай-күйі сәйкестігінің негіздемесі | Тақырыптың сендірушілігі/түсініктігі және иеленуі және жобалық шешімді нақты баяндау | Күтілетін нәтиженің негіздемесі | Қазылар алқасы сұрақтарына жауап бере алу (материалды білуін көрсету ) | Көрнекі құралдарды жұмыста көрсету | ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА (макс. – 60 балл) |
| | | | | максималды – 10 балл | максималды – 10 балл | максималды – 10 балл | максималды – 10 балл | максималды – 10 балл | максималды – 10 балл | |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | | | | |
| 6 | | | | | | | | | | |
| 7 | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | | | | | | | | | | |

*Конкурс ережесіне*
*№7 қосымша*

**Қазылар алқасының ТАӘ ____________________**
**Күні ________________________________**
**Қолы _____________________________**

Бағалардың 10 балдық шкаласы
9-10 (өте жақсы)
6-8 (жақсы)
4-5 (қанағаттанарлық)
1-3 (қанағаттанарлықсыз)

***2-кесте***

| **Elevator pitch стилінде қорғауға бағалау критерийлері** | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **р /с №** | **Команда атауы (ЖОО)** | **Жоба тақырыбы** | **Жоба сараптамасы** | **Жоба мазмұнынын ұсыну түсініктілігі/нақтылығы (тереңдігі, кендігі, нақтылығы)** | **Жоба бойынша қорытындыларды және күтілетін нәтижелерді аргументтей білу** | **Сендіре білу/тақырыпты білу және сөз сөйлеу ашықтығы (сөз сөйлеу, аудиториямен байланыс орнату, уақытты сезіне білу)** | **Қорытынды баға (макс. – 30 балл)** |
| | | | | **максималды – 10 балл** | **максималды – 10 балл** | **максималды – 10 балл** | |
| | **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** |
| 1 | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | |
| 6 | | | | | | | |
| 7 | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | | | | | | | |

*Коонкурс ережесіне*
*№8 қосымша*

| Итоговый оценочный лист конкурса «Student Energy Challenge» /Score sheet of «Student Energy Challenge» competition | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| №№ п/п | Название команды (ВУЗ) | Оценочные баллы членов жюри/ Judging scores of jury members | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | Председатель жюри | | Член жюри | | Член жюри | | Член жюри | | Член жюри | | ИТОГОВЫЕ ОЦЕНКИ | | | | | | |
| | | (Ф.И.О) | | (Ф.И.О) | | (Ф.И.О) | | (Ф.И.О) | | (Ф.И.О) | | За выступления/speech score overall | За elevator pitch | Экспертиза проекта | За участие в тренинге по развитию навыков критического мышления «Shell NXplorers» (*1 балл*) | Баллы за участие в вебинаре/ Scores for participation in webinars (*0,5 баллов*) | Доп. балл команде из регионов (*1 балл*) | ИТОГОВАЯ ОЦЕНКА ЗА КОНКУРС |
| | | Оценка выступлений/speech score | Elevator pitch | Оценка выступлений/ speech score | Elevator pitch | Оценка выступлений/ speech score | Elevator pitch | Оценка выступлений/ speech score | Elevator pitch | Оценка выступлений/ speech score | Elevator pitch | | | | | | | |
| 1 | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 2 | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 5 | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 7 | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 8 | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

***Қазылар алқасына ақпарат***

- *Егер бірнеше командаларда бірдей балл болса, қазылар мүшелері бірдей шешімді бірлесіп қабылдауға тырысады. Егер бір нәтижеге келмесе, қазылар алқасы сайлаған төраға соңғы шешім қабылдай алады;*
- *1,2 және 3-орындарды айқындау кезінде сараптама нәтижелеріне және үш команда жобаларын көзбен шолуға, презентацияны қорғау нәтижелеріне конкурстың негізгі кезеңдеріне сияқты ерекше көңіл бөлу ұсынылады.*

** Вебинарға барлық команданың қатысуы үшін 0,5 балл беріледі.*
** «Shell NXplorers» сыни ойлау дағдыларын дамыту бойынша тренингке қатысқаны үшін 1 балл беріледі.*
** Өңірлерден келген командаларға (Астана және Алматы қалаларын қоспағанда) қосымша 1-ден артық емес балл беріледі.*

*Конкурс ережесіне*
*№ 9 қосымша*

Сарапшылар үшін тіркеу нысаны

| **САРАПШЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ:** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **ТАӘ** | | | | |
| **Азаматтығы:** | | | | |
| **Ғылыми дәрежесі:** | | | | |
| **Сараптамалық зерттеу білімі мен қызығушылықтар саласы:** | | | | |
| **Тәжірибесі, сараптамалық бағалау деңгейі:** | | | | |
| **Мекеме атауы және жұмыс орны (университет, компания және т.б.):** | | | | |
| **Байланыс ақпараты:** | тел. (жұмыс): | | тел.(моб): | |
| | **Email:** | | **Веб-сайт:** | |
| **Ағылшын тілін меңгеру деңгейі:** | ☐Native<br>☐Second language (please rate yourself)<br>☐Excellent ☐Good ☐Fair ☐Poor | | | |

* төменде қол қоя отырып, жеке деректерімді өңдеуге келісімімді беремін.

Қолы ____________________

Күні_______________________